



XI INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE

SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD:
CHALLENGES OF THE XXI CENTURY



ASTANA, KAZAKHSTAN
OCTOBER 2022

**А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ****Амангелдықызы Маржан**

Филология БББ 2 курс білімгері

Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының кандидаты Чалтикенова Л. А.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Түйін: Мақалада А.Байтұрсыновтың қазақ графикасына қосқан үлесі мен қазақ жазуының алғышарттары қарастырылған.

Кілт сөздер: графика, орфография, әліпби, морфология, грамматика, диакритика

Адамзат мәдениеті тарихында жазу мен әліпбидің тарихи маңызы ерекше мәнге ие болған заманда қазақ жазуының даму тарихына көз жүгіртіп өткеніміз дұрыс болар. Өйткені, жазу, жазба тіл әлеуметтік өмірдің барлық саласында кең түрде адамдармен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін, рухани, мәдени өсуімізді, дамуымызды, ел, халық, мемлекет ретінде әлемдік деңгейде ұлттығымызды көрсететін алтын көпір десем артық айтпаспын. Оған қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы, ұлттық жазудың негізін қалаған, жазуға жаңашылдық алып келген, Ұлт ұстазы, қоғам қайраткері, биыл ЮНЕСКО көлемінде 150 жылдық мерейтойы тойланып отырған Ахмет Байтұрсынұлының сіңірген еңбегі ұшан-теңіз екені даусыз мәселе. Осыған қатысты мен ғалымның сауат ашу, жазу мәселеріне арналған мақалаларына тоқталғым келіп отыр.

1912 жылы «Айқап» журналының 9-10-11 нөмірлерінде «Шаһзаман мырзаға» атты мақаласы жарияланған. Яғни, бұл мақалада арабтың харіптері қазаққа келмей тұрған уақытта, қазақта ешбір дыбыс болмасқа керек. Араб харпінен бұрын қазақ сөйлемеді дейсіз бе? Араб әліппесі қазаққа деп арнап шығарған әліппе емес, араб тіліне арнап шығарған, һәр халықтың тіліндегі дыбыстардың ішінде бөлектік болады. Бірінде бар дыбыс, бірінде жоқ болуға ықтимал [1].

Ең алдымен, Ахмет Байтұрсынұлы – жаңадан жазу ойлап тапқан жан. Ғалым туған тіл туралы өзекті мақалаларында: «Тіл-адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Біздің заманымыз-жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деп жазған екен [1]. Шындығында, А.Байтұрсынұлы қазақ әліпбиін түзеп, ана тіліндегі оқулықтарды жазудың мәні зор екенін ғасыр басында қоғам ахуалмен байланыстырып, өзіне ауыр жүк міндеттеп, замандастарымен бірге ұлт тілінің келешегі үшін күрескен кемеңгер. Кемеңгерлігі соншалық, сол кездегі Ресей еліне тәуелді халық, әркімнің тіліне еріп, адасып жүрген жұртына «Қазақ әліпбиін» жасап берді. А.Байтұрсынұлы әріптердің тіл дыбыстарын нақты таңбалануына, оқуына, жазуына жеңіл келуіне, үйретуге оңай болуына басты назар аударды. Оның мақаласында айтылған ойлары, ұсыныстары, шарттары әрбір ұрпаққа мән беретін түп негіз қазық болды. Мақалалары жазу мәдениеті болмаған халықты өрге сүйреп, басқа халықтармен тең дәрежеде болуға ниет етіп, сауаттылықты дәріптеген үгіт насихат еді.

А.Байтұрсынұлы еңбектері негізінде қалың жұртшылық қазақ тілінің басты дыбыстық ерекшелігімен, грамматикалық құрылымындағы заңдылықтарымен, морфологиялық құрамымен, лексикалық басты құндылықтарымен, орфографиялық сипатымен танысты десем артық болмас. Соның ішінде жазу мәселесіне нақты тоқталған. Мысалы, барлығымыз білетіндей бұрынғы заманда адамдар бір-бірімен ауызша сөйлесіп, әлемдегі барлық елдерде халық ауыз әдебиетінің үлгілері кеңінен қалыптасқанын біз тарихтан жақсы білеміз. Адамзат даму сатысының кезеңдерінен өте келе жазудың маңыздылығын түсінген. Тіпті, егер адам аң аулауға баратын болса, тасқа қашап, садақтың



суретін салып, түсіндіріп кеткен. Ал, енді байқасаңыз осыдан кейін сурет жазуы, яғни пиктографиялық жазудың пайда болуына әкеліп соқты.

Яғни, жазу қоғамдық қажеттіліктен туындады деуге болады. Адамдардың алыста тұрып, қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ету, сонымен қатар, адамдар арасындағы күрделі қоғамдық қатынастың дамып жетілуінде ауызша сөйлеу тілі барлық елді бірдей қанағаттандыра алмады. Сондықтан жазудың шығуы ең алдымен қарым-қатынастың маңызды бір құралына айналып отыр.

Осыдан барып дамудың алғашқы қадамы жазу мен әліпби екеніне тағы көз жеткізуге болады. Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек [2], Жалпы, адамдар айтайын деген ойын, бір-біріне ауызша да жазба түрінде де жеткізе алады, орфография, дұрыс жазу қағидаларын белгілейді. Ал дұрыс жазу нормаларының көздейтін басты мақсаты айтылмақ ойды жазба түрде нақты жеткізіп беру. Күдеринаова Құралай Бимолдақызының «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы» оқу құралында өте керемет ой жазылған. Яғни, «Ауызша тіл мен жазба тіл арасында бейтарап әдеби тілдің болуы алдыңғысынан соңғысына көшуді жеңілдетеді және ауызша сөйлеу тілі мен әдеби тілді жазу арқылы қағазға түсіріп адам, бірте-бірте жазу жүйесіне де ене бастайды» дейді.[2] Бұл жердегі түпкі негіз әдеби тілдің болуы, ауызша тіл жазбаша тілге айналуы, жазу жүйесінің маңызды екені белгілі. Жазу барлығына ортақ болғандықтан, оның ережелері де көпшілікке бірдей болып, қалың жұртшылықтың пайдалануына айналады. Сол себепті емле ережелері әрі ортақ, әрі тұрақты болуы қажет. Қарапайым мысал келтірсем, күнделікті бір-бірімізбен сөйлесуіміз, бір-бірімізге хабарлама алмасуымызда осы қателіктер жиі кетіп жатады. Дұрыс емле ережесін қоя білмеу, сауатсыздығымызды көрсетеді деп ойлаймын. Ал, осы жазу жолында өзінің еңбегін сіңіріп, барлық ережелерді сақтап, дұрыс әліпби жасап берген ғұламаға, ұлы ұстазға мың тағзым!

А.Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі басты жетістіктерінің бірі: дыбыстардың жуан, жіңішкелігіне қарай бөлінуін нақты белгілеп, әрбір дауысты дыбысқа арнап арнайы таңба белгілеуінде. Осы дыбыстарға арнайы таңба беру арқылы А.Байтұрсынұлы жаңа әліпби шығарған. Оны «жазу тәртібі» деп атаған. Жалпы, ғалым сауатсыздықты жою үшін әріп пен оқулық мәселе екенін біліп, 1910 жылдан бастап, қазақ тілі үшін араб жазуы қолайлы емес болғандықтан, оның кейбір қолайсыз жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, ұлттық әліпби түзеді.

А.Байтұрсынұлы әліпбиі, яғни төте жазу 1912 жылдардан бастап қолданысқа енеді Төте жазудың басты ерекшеліктері мыналар болды:

- әліпби құрамынан қазақ тіліне сәйкес келмейтін басты артық әріптерді алып тастады;
- араб жазу заңдылығына тән диакритикалық белгілер қолданылмады;
- қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес дауыстылар жүйесі таңбаланды.

Осылайша, қазақ тілінің үндестік заңына сүйене отырып, еш қиындықсыз қазақ жазуына ыңғайлады. Соның нәтижесінде А.Байтұрсынұлының әліпбиі ана тілінде сауат ашудың ең тиімді құралы болды. Әрине, әріп таңбаларының қай түрінің де бір-бірінен артық-кемі жоқ. Бірақ мәселе олардың сырт пішінінде емес, әліпбидің ұлт тіліне негізделіп дұрыс түзілуінде және жеңіл қолданылуында болып отыр. Әсіресе, қазақ деген миллиондаған халқы бар ірі мемлекеттің тұрақты ұлттық жазуын таңдағанда, бүгінгі ғылым дамыған заманда, нағыз ғылыми негізде, ұлттық сөйлеу мәнерін сақтап, соған сүйеніп жасалуын, ұлттық ерекшеліктерді құрбан етпеу жағын қатты ескеруіміз керек. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы түзген әліпби жазу тәжірибесінде жұртшылықты сауаттандыру ісінде өте оңтайлы болғанын М.Дулатовтың мына пікірінен анық байқауға болады: «Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері ылғи қазақша жаза бастаған



Байтұрсынұлы қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ»-дейді [3].

Жеке өз пікірім, А.Байтұрсынұлының әрбір айтқан нақыл сөздері-ояну дәуіріндегі рухани және саяси күрестегі елшілдік рух, мемлекетшілдік сана, ұлтшылдық көрінісінің қайнары.

Жалпы, орфография үздік болған жерде нәтиже де үздік болады. Дұрыс жазу-тіліміздің бет-бейнесі, ажар-көркі екені барлығына белгілі. Қандай тілде болса да орфографиямыз түзелмей, іс алға баспайтынын да еске алуымыз керек. Осы жерде Ахмет Байтұрсынұлының мына бір сөзін айтқым келіп отыр. «Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап, тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз. Бойынды қысып, тәнінді құрыстырып тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем әліпби қолайсыз болады» [4]. Яғни, қазақ тілінің төл дыбыстарын дәл көрсететін әрі оқуға жеңіл емле ережесі сақталған әліпби болуын негізге алып отыр деген ойдамын. Жаңа жазу, жаңа әліпби оңай болғанымен, жаңа емлені меңгерген адам қиындықсыз жазатын болады. Міне, А.Байтұрсынұлының арқасында жазуды ауыстыру, жаңашылдық енгізу, сол жазуға тән келетін емле ережелерін құрастыру, ескіні жаңарту, жаңалық енгізу-күрделі істерінің бірі.

Қазақ әдеби тілінің өзіне тән айтылуы мен жазылуы бар екені барлығымыз да білеміз. Ал, күнделікті өмірде сөздің жазылуынан қарағанда оның айтылуы көп қызмет атқаратынына кез келген адамның көзі анық жетеді. Бірақ әдеби тілдің қалыптасып, дамуына бүгінгі таңда жазбаша тіл үлкен әсер етіп отырғандығын да білеміз. Кеңес үкіметінің қазақ даласындағы алғашқы қолға алған істері — қазақ халқын сауатсыздықтан арылту саясатын іске асырғаны. Бүгінгі тарихи кезеңде өмір сүріп отырған кеудесінде қазақы жаны бар, қазақтың қаны бар әрбір азамат пен азаматша қазақ тіліне деген жауапкершілік жүгі мойнында тұрғанын, ұрпақ алдында есеп беретін кездің де болатынын естен бір сәт те шығармауы керек. Мәдениетті де таза сөйлеуді, әдептілікті, жаңашылықты, ең бастысы, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің жоғарылауына болашақ маман ретінде өз үлесімді қосамын деген ойдамын. Барлық жастарға қисынсыз сөздерді қолданбай, ата-бабаларымыз қалдырған асыл қазынамыз, өзіміздің байырғы сөздерімізді қолдануға шақырамын.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, тілін қастерлеп, қасиетін сезінген, қазақ тілінің мүмкіндігі шексіз екенін еңбектерінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеген, тілдің шырақшысы болған Ұлт ұстазының 150 жылдығы өте жоғары деңгейде өтті. Ғалымның мерейтойын атап өту барысында біздің университетте ғылыми-практикалық конференциялар, ашық сабақтар мен оқулар болды. Осы іс-шараға барлық филологтар мен қазақ тілі, әдебиеті мамандығында оқитын білімгерлер қатысты. Ал, ашық сабақтан алған әсеріміз өте керемет. Менің бір түйгенім, А.Байтұрсынұлының күрес жолы кейінгіге өнеге болуы тиіс. А.Байтұрсынұлындай ұлтының жанашырын, ұлт ұстазын ұмытпау біздің басты міндетіміз! Сөзімді аяқтамас бұрын ғалым А.Байтұрсынұлына өзімнің шығарған өлең шумағымды арнаймын.

А. Байтұрсынұлына арнау

Ұлы тұлға, публицист, ғажап ақын,
Ахметтей адам жоқ қой батыл шіркін.
Елін, жерін қорғаған еш сатпаған,
Қазақ үшін тік тұрған байсалды адам.
Қазақтың тіл дыбысын зерттеп келген,
Өртүрлі ұсыныс пен шарт көп деген.
Тек қана дыбыспенен тоқтап қалмай,
Ең алғаш әліппені зерттеп берген!
Ахметтің арқасында талай жандар,
Білімді, сауатты да жас мамандар.
Ең түпкі әліппемен сауат ашып,
Дәл риза талаптанған жас буындар.

**ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Байтұрсынов, А. Бес томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жібек жолы, 2002.- 208 б.
2. Байтұрсынұлы А. «Тіл тағылымы» Алматы «Ана тілі» 1992, 387 б.
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы.- 2009.
4. Күдеринова Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы.-Алматы : «Елтаным баспасы», 2013, 44 б.